

"Карантин белгілеу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 19 қыркүйектегі № 246 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 274 қаулысы . Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 5 қазанда № 6577 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № 338 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 20.12.2020 № 338 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 26-бабына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 9 ақпандағы № 7-1/86 "Шектеу іс-шараларын және карантинді белгілеу немесе алып тастау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10414 болып тіркелді) бекітілген Шектеу іс-шараларын және карантинді белгілеу немесе алып тастау қағидаларының 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, "Карантинді белгілеу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2020 жылғы 3 қазандағы № 01-04/921 ұсынысы негізінде Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің "Карантин белгілеу туралы" 2020 жылғы 19 қыркүйектегі № 246 қаулысына (2020 жылғы 19 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланды, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6539 болып тіркелді) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қамтамасыз етсін:

1) осы қаулыны "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Солтүстік Қазақстан облысының әділет департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі

К. Аксакалов

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің
2020 жылғы 5 қазандағы № 274 қаулысына
қосымшасы

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің
2020 жылғы 19 қыркүйектегі № 246
қаулысына
қосымшасы

Жұқпалы құс тұмауы ауруының пайда болу жағдайына байланысты карантин белгіленген Солтүстік Қазақстан облысының аумағында орналасқан елді мекендері

Елді мекеннің атауы		
1	Айыртау ауданы	Арықбалық ауылдық округінің Ағынтай Батыр ауылы; Сырымбет ауылдық округінің Егіндіағаш ауылы; Антонов ауылдық округінің Жұмысшы ауылы; Сырымбет ауылдық округінің Қарақамыс ауылы; Антонов ауылдық округінің Лавровка ауылы
2	Ақжар ауданы	Талшық ауылдық округінің Қазан ауылы
3	Аққайын ауданы	Аралағаш ауылдық округінің Аралағаш ауылы; Токшын ауылдық округінің Токшын ауылы
4	Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы	Шөптыкөл ауылдық округінің Разгульное ауылы; Рузаев ауылдық округінің Чернобаев ауылы; Шұқыркөл ауылдық округінің Шұқыркөл ауылы
5	Есіл ауданы	Бұлақ ауылдық округінің Бұлақ ауылы; Заречный ауылдық округінің Қарағаш ауылы; Покровский ауылдық округінің Мальцев ауылы; Тораңғұл ауылдық округінің Тораңғұл ауылы
6	Жамбыл ауданы	Казанка ауылдық округінің Екатериновка ауылы; Кладбинка ауылдық округінің Новорыбинка ауылы
7	Қызылжар ауданы	Архангельск ауылдық округінің Архангельск ауылы; Бескөл ауылдық округінің Бескөл ауылы; Бугровской ауылдық округінің Бугровое ауылы; Лесной ауылдық округінің Глубокое ауылы; Вагулин ауылдық округінің Красный Яр ауылы; Налобин ауылдық округінің Налобин ауылы;

		Лесной ауылдық округінің Преснов ауылы; Якорь ауылдық округінің Якорь ауылы
8	Мағжан Жұмабаев ауданы	Б у л а е в қ а л а с ы ; Қарақоға ауылдық округінің Қарақоға ауылы; Конюхов ауылдық округінің Куломзин ауылы; Лебяжинский ауылдық округінің Лебяжье ауылы; Чистов ауылдық округінің Чистов ауылы
9	Мамлют ауданы	М а м л ю т қ а л а с ы ; Новомихайлов ауылдық округінің Новомихайлов ауылы
10	Тайынша ауданы	Тихоокеан ауылдық округінің Алабота ауылы; Киров ауылдық округінің Ильич ауылы; Чкалов ауылдық округінің Чкалов ауылы
11	Тимирязев ауданы	Ақжан ауылдық округінің Ақжан ауылы; Тимирязев ауылдық округінің Белоградов ауылы; Дзержинский ауылдық округінің Дзержинский ауылы; Тимирязев ауылдық округінің Тимирязев ауылы
12	Шал ақын ауданы	С е р г е е в к а қ а л а с ы ; Сухорабов ауылдық округінің Сухорабов ауылы